

Шетелдік оқушылардың білімін бағалау

Шетелдік оқушылардың білімін бағалау Білім туралы заң және Білім, жастар және спорт министрлігінің (БЖжСМ) әдістемелік қағидасы бойынша реттеледі. Шетелдік азаматтардың балаларын “Чех тілі және әдебиеті” пәні бойынша бағалағанда, олардың чех тілі бойынша білімі ескеріледі.

Чех Республикасындағы міндетті білім беру орталығында оқытын Чех Республикасының азаматы болып табылмайтын тұлғалардың балаларының білімі Білім туралы заңының 51-53 бөлімдері бойынша және бастауыш мектеп және міндетті білім беруге қатысты талаптарды қамтитын бүйрықтың 14-17 бөлімдеріне сәйкес бағаланады.

Бұл оқушыларды бағалағанда, оқушының көрсеткішіне әсер ертін бүйрықтың 15(2) және (4) бөлімдеріне сәйкес чех тілі бойынша білім деңгейі өте маңызды фактор болып табылады.

Бірінші семестрдің соңында мектеп табелінде шетелдік оқушыларды бағалау міндетті емес. Алайда оқушы екінші семестрдің соғында да бағаланбаса, ол жылды қайта оқиды.

Словакия азаматтары оқу барысында “Чех тілі және әдебиеті” сабағынан басқа пәндерде словак тілін қолдануға құқықтары бар.